

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Басқару органдары аппараты қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1992 жылғы 8 қаңтардағы N 13. Күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 маусым N 855 қаулысымен ~P000855

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жалақыға және тұтынуға жұмсалатын қаржының өсіміне шектеулерді жою туралы әрі бюджеттік ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерінің жалақысын өсіру туралы" 1991 жылғы 12 желтоқсандағы N 541 U910541_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының орталық аппараты, халық депутаттары жергілікті кеңестері атқару комитеттерінің, олардың басқармалары мен бөлімдерінің және басқа республикалық басқару органдарының аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары бөлшек-сауда бағаларының өзгеруіне байланысты қосымша шығындардың өтемі осы жалақыларға қосылып, N 1-10 кестелерге сәйкес бекітілсін.

Мемлекеттік басқару органдарының басшыларына сыйлық беру, сондай-ақ лауазымдық жалақыларға үстемелер белгілеу жоғары тұрған органның шешімімен жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Президенті 1991 жылғы 12 желтоқсандағы N 541 Жарлығымен:

бюджеттік қаржыландырудағы ұйымдар мен мекемелерге еңбекақы төлеудің формалары мен жүйелерін өздігінен белгілеуге, ынталандырушы сипаты бар үстемелердің, қосымшалардың, сыйлықтардың және басқа төлемдердің мөлшерін, сондай-ақ еңбекақы төлеуге бөлінген бюджет қаржыларының шегінде әртүрлі категориядағы қызметкерлер санының арақатынасын есепке алмай құрылымдар мен штаттарды айқындауға;

халық депутаттары облыстық Кеңестерінің атқару комитеттеріне, Алматы және Ленинск қалалық атқару комитеттеріне қосымша қаражат тапқан жағдайда қарамағындағы бюджеттік қаржыландырудағы ұйымдарда істейтін қызметкерлердің ставкалары мен жалақыларын тиісті бюджеттердің есебінен өсіруге хұқық бергені ескеріліп, басшылыққа алынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне лауазымдық жалақылардың жаңа кестелеріне сәйкес бір жылға есептеп, республикалық мемлекеттік басқару

органдарының еңбекақы төлеу қорын анықтап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізу тапсырылсын.

4. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Қазақ КСР Мемлекеттік басқару органдары аппаратының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді жетілдіру туралы" 1991 жылғы 31-шілдедегі N 460 қаулысының 1,5,6,7,11,12,14-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

5. Осы қаулыда көзделген еңбекақы төлеу шарттары тиісті бюджеттердің есебінен 1991 жылғы 15 желтоқсанына енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі